



8 дәріс.

Түркілердің мәдени мұрасы



ТҮРКІ ӘЛЕМІ



Түркі мәдениеті - ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан мәдениеттің жалпы атауы.

Түркілердің алғашқы ата қонысы Шығыс Тянь-Шань мен өңірі болған. "Халықтардың ұлы қоныс аударуының" нәтижесінде қазіргі Қазақстан, Орта және Алдыңғы Азия, Шығыс Еуропа территорияларына кең таралып орналасқан түркілер қазіргі түркі тілдес халықтардың барлықтарының субстраты болып табылады. "Түркі" деген термин тұңғыш рет 542 жылы аталады. "Түркі" этонимі алғашқы кезде белгілі бір ақсүйектерден шыққанын білдірген Орталық Азияны мекендеген көптеген тайпалық одақтардан біріккен феодалдық мемлекет Түркі қағандығы өмір сүрген. Түркі қағандығының әлеуметтік-саяси және қоғамдық өмірінде әскери істер аса маңызды орын алған. Түркілердің алғашқы көсемдерінің бірі Бумын қаған болған. Түркі қағандағы тұсында түркі тілінің өрісі барынша кеңіп, ұланғайыр өлкедегі негізгі тілге айналған. Түркілердің жазуы да болған. Сол көне түркі жазбаларынан түркілердің дүниетанымдық көзқарастары, наным-сенімдері туралы көп мағлұмат алуға болады

Түркілер – әлем тарихында айрықша кезең болып табылатын көне түркі дәуірі кезеңінде түркі халықтарының жүйелі мемлекеттік құрылымымен, жетілген әскери тактикасымен, қалыптасқан жазба дәстүрімен, бейнелі де бай тілімен ерекшеленеді.



Көне Түркі жазулары



Чернышева Надежда

Зерттеушілер көне түркі руникалық жазбаларын VII-IX ғасырларға тән деп жатқызып келді. Бұл тақырыпта көптеген даулы мәселелер көтерілді де. Алайда, 80-жылдары Монғолиядан табылған тас ескерткіштер руна жазуларының тарихы тым әріде жатқандығын дәлелдеп берді. Көне түркі жазба ескерткіштерінің ішіндегі неғұрлым ежелгілерінің бірі ретінде Бұғыты жазбасы (Бугутская надпись) аталып жүр. Бұл жәдігерлік VI ғасырдың соңғы ширегіне жатқызылады.



Жалпы көне түркі жазбаларының алғаш ашылуы ХҮІІІ ғасырдың 20-шы жылдарына дәл келеді. Тасқа қашалған мұралардың тұңғыш үлгілері Ф.И. Страленбергтің «Северная и Восточная части Европы и Азии» атты еңбегінде жарыққа шықты. Ал 1721 жылы зерттеуші ғалым Д.Г.Мессершмидт Енисей өзенінің жағалауынан тасқа ойылып жазылған ескерткіш тапты. Біршама уақыттан кейін, нақтырақ айтсақ ХҮІІІ ғасырдың аяқ шенінде ғалым Р.Паллас Енисей руна жазбаларының бесеуін жария етті. 1889 жылы Көкшің-Орхон өзенінің жағасындағы Коше-Цайдам аңғарынан қытай әліпбиімен және руна жазуымен жазылған екі үлкен тас ескерткіш табылды. 1893 жылдың 15 желтоқсанында дат профессоры Вильгельм Томсен Орхон-енисей ескерткіштерінің құпиясын шешті. Ол тастағы белгілерді салыстыра отырып, дыбыстардың ыңғайына қарай белгілер алдыңғы және артқы қатардағы болып екі топқа бөлінетіндігін айқындайды. Бұл түркі тілінің құрылысына тән еді. Академиктер В.В. Бартольд пен А.Н. Самойлович бұл оқиғаны – ХІХ ғасырдың ең ұлы жаңалықтарының қатарына жатқызды.



1. ҮҮХНДЖ: ДҮДЈДҮС>ҮСҮ: ЈД>Ј
 Д>Ј: ДХ: ДГНУГҮГЖД>: ДЖЈС
 Д>Ј: ГҮГ: ДГДГҮХЈГ>Н: ДЖЧ
 ЧЈ: ДНДЈСН: ДҮДЈДҮС>ҮСҮ: Ј
 ССҮҮХД>: ХДНГ: ДХГҮГЈ>Н: Д
 : ГГСҮХҮ: ДДННЧГҮГҮ: ГНГ
 Х: ЧДСЈЖНЖСҮ: ДХЖГҮХЈГ>Н
 ДЖСДЈСДҮС: ДХЖ>Н

Көне түркі жазуының түйіні шешілгеннен кейін бабаларымыз қалдырған көптеген асыл мұралар табылды. Монғолиядан – 33, Енисейдің Орхон аймағынан – 85, Шығыс Түркістанда, Талас бойында – 12, Ферғана мен Шығыс Еуропада да бірнеше көне түркі ескерткіштері табылып, ежелгі дәуір шежіресін бүгінгі ұрпаққа жеткізді.

Түріктердегі жазбаның болуы

Түріктердегі жазбаның болуы бірінші болып Қытай көздері айтылады. Моңғолияның солтүстігінде Орхон өзенінен табылған көне түркі жазбаларының ескерткіштері - стелалар (тас плиталар). Білге - қаған және күл - тегиннің құрметіне белгілі руникалық мәтіндердің ең ірі ескерткіштері сақталған. Әдебиет және ғылым: жазудың пайда болуымен бірге Моңғолияның және Енисейдің әдеби жанрлары, руникалық мәтіндері - тарихи құжаттар ғана емес, көрнекті әдеби шығармалар да дамиды. Исламды таратумен араб тілі кеңінен қолданылады, онда әдеби және ғылыми шығармалар жасалады.

Түркі дәуірінің ғылыми және әдеби әлемінің жарқын өкілдері: әл Фараби, Юсуф Баласағұн, Махмұд Қашқари, Ахмед Яссауи.

Дін: ерте орта ғасыр кезеңінде түркі тілдес тұрғындар тілшілер болып табылды, Аспан мен жерге - суға бас иді, отты құрметтеу, өз нанымдарымен қатар зороастризм, буддизм, манихейство, христиандық таралды.

Көне Түркі жазуларының мазмұны

Көне Түркі жазуының құпиясын ашқан Даниялық ғалым Вильгельм Томсен болатын (1898 жылы бастап). Кейін орыс түркітанушылары аударып, көп зерттеді. Оған 20 ғасырда Түркі елдерінің ғалымдары – Татар, Өзбек, Түрік, Қазақ, Әзірбайжан зерттеушілері қосылды. Кейде "руна (руникалық) жазулары" деп аталады. Оның себебі жазудың құпиясы ашылмай тұрғанда, бұл жазулар бір қарағанда ежелгі скандинавия халықтарының жазбаларына ұқсайтын еді. Алайда ғылыми зерттеулер Түркі жазулары екенін анықтады. Томсен ең алғаш рет "Түрік" және "Теңрі" сөздерінен бастап оқыған екен.

Көне түрік дәуіріндегі жазу



- Әліпби жазу дүниежізілік мәдениетке қосылған үлкен үлес болып есептелді. Көне түркілер алғашқы әріп жазуының бір түрі – руналық жазуды ойлап тапқан және пайдаланған



Руналық жазу

Көне түркі руналық жазуы Қазақстанда Талас, Ертіс, Сыр, Іле өзендерінің қойнауларында табылған.

Бұл жазуларды алғаш зерттеп, оларды оқудың “кілтін” тапқан – Дания зерттеушісі Вильгельм Томсен. Осы көне түркі жазуларын сыртқы нобайы жағынан Скандинавияның руналарына ұқсатып, бұл жазуларды да руналық, яғни “құпия” жазу леп атап кеткен.



Вильгельм Томсен
(1842-1927)

Махмұд Қашқари (1029—
1101) - түркі ғалымы, әйгілі
«Диуани лұғат ат-түрк»
(«Түркі сөздерінің жинағы»)
атты еңбектің авторы. Толық
аты-жөні Махмұт ибн әл
Хұсейн ибн Мұхаммед. Туған
жері, ежелгі үйсіндер құрған,
әртүрлі аталған мемлекетінің,
қазіргі Қырғызстан жеріндегі
Ыстықкөл жағасындағы (кей
деректе Шу бойындағы)
Барсхан қаласы. Ыстықкөл
маңындағы болған Барысхан
қаласында әскерілер
отбасында дүниеге келген.



Махмұд Қашқари түркінің тұңғыш тіл маманы, түркі тілінің оқулығын жасаған, грамматикасын түзеп, жалпы түркі әлемінің тіл өнерінің өрісін кеңейтіп, өркенін өсірген ғұлама. Түркология тарихында ол тұңғыш тарихи салыстырмалы әдісті қолданып, түркі тілдері тарихи диалектологиясының негізін салды. Оның осы тілдерді салыстырмалы түрде зерттеу тәсілі бүкіл Шығыс тілшілеріне ортақ зерттеу тәсілі ретінде өзінше бір мектеп болып қалыптсыпты.



Түркі халықтарының ата тегінен қалған нақты рухани мұралар үлгісіне Орхон – Енисей бойынан табылған тасқа ойылып жазылған ескеркіштер жатады. Ескеркіштер ежелгі заман тайпаларының Түркі заман тұсындағы тұрмысы мен, салты мәдениеті мен жаугершілік жортуылдарын мәнерлі тілмен өсиет үлгісінде баяндаған .


Тасқа жазылған дастандар

- Күлтегін

- Тоныкөк

- Білге қаған

- Көне түркі жазуларда, әсіресе құлпытастардағы жазуда Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған т.б. сияқты түркі елбасыларының істеген ісі, түркі жұртының сол кездегі жағдайы, басқа елдермен қарым-қатынасы, олардың дүниетанымы сипатталады.



Күлтегін ескерткіші



Тоныкөк жазба
ескерткіші



Білге қаған жазба ескерткіші

Көне түркі әліпбиі


Орхон-Енисей таңбалары	Дыбыстық мағына	Орхон-Енисей таңбалары	Дыбыстық мағына
	а, ә (ә)		м, м'
	ы, і (е)		н
	о, у		н'
	ө, ү		ñ (ий)
	б		п, п'
	ф		р
	г		д
	д		д'
	з, з'		т
	ñ		т'
	ч		ч, ч'
	к		ш
	к (оқ, уқ)		ш'
	к (ық)		лт, л' т'
	к		нт, н' т'
	к (өк, үк)		кч, к' ч'
	л		рт
	л'		сөз айыру белгісі

Түркі жазуы бір-бірімен қосылмай жазылатын 38 әрептен тұрады. Кейбір ғылыми пікірлерге қарағанда, көне түркі жазуының пайда болуына соғды әріптері пайдаланылған немесе әсері тиген.



Рашид әд-Диннің айтуынан түркілердің аңшылық өмірі адам төзгісіз ауыр болғанын аңшылардың алғашқы діни көзқарастарынан аңғаруға болады. Ал түркі халықтарының дәстүрлері мен тәлім – тәрбиелік мұралары жазба материалдарда толық ашылмаған.

Түркілер тарих сахнасында тез арада пайда болып, өз аттарын көптеген халықтарға қалдырып, ғайып болды. Түркі қағанатының батыстағы шекарасы VI ғасырдың аяғында Византиямен, оңтүстікте Персия және Үндістанмен, ал шығыста Қытаймен іргелес жатты.





Түркі тілдері ресми болып табылатын Елдер мен автономиялық аймақтар.

Түркі Қағанаты



Түркі Қағанатының билеушілері

Билеушілері

Амрак қаған

Баға Ышбара Қаған

Бумын Қаған

Жағбу Баға Қаған

Мұқан Қаған

Тардуш Қаған

Тобо Қаған

Тұлан Қаған

Төремен Апа-хан

Янг Соух тегін

Қара-Еске Қаған

Қоңыстанған жері

Түркі қағанаттың саяси-әскери бірлестік ретінде қалыптасқан мекені - Жетісу. Жетісу мен Шығыс Қазақстан жужан мемлекеттің шет аймақтары болатын. Осы аймақтарда орналысқан тайпалар - теле - 492 ж. жужаньдарға қарсы шығып, тәуелсіздік мемлекет құрады. Дегенмен де, 516 ж. жужаньдар жаңа құрылған мемлекетті тағы да өздеріне бағындырады. 545 ж. теле тайпасының Ашина руы жужаньдарға қарсы күресті басқарады. 551 ж. батыр Бумын Қытайдағы Батыс Вэй патшалығымен бірігіп, жужань мемлекетінің талқандайды.



XXI ғасыр – түркінің ғасыры. Америкада Инк мәдениеті деген болған. Зерделей қараған адам олардың, қызыл терілілердің дәстүр-салт, жазу-сызуында, тілінде түркілермен жақындықтың барын аңғарады. Америка құрлығының байырғы тұрғындарының шыққан жері – Азия. Америкадағы үндістерді келімсектер қырып-жойды. Сол үндістердің жерінен көне жазулы мәтін табылған. Жазудың арасында астрономиялық карта бар екен. Біздің ата-бабаларымыздың жазуы, қағазы, баспаханасы, т.б. жазу мәдениетінің дамығандығын білдіретін дүниелері табылып жатыр. Біреулер «бұлай болуы мүмкін емес» дейтін шығар. Демек, біздің бабаларымыздың жазу мәдениеті жоғары деңгейде болған. Дөңгелекті де тапқан түркілер. Атты алғаш мінген де түркілер. Азия, Еуропа, Америка, Африка болсын, дүниежүзінің кез-келген аймағына қарасаңыз, түркілерден қалған мұраларды көресіз. Барлық құқықтар сақталған.





Қазақ тарихына терең үңіліп, шындығын тану үшін түркілік тарихын білу керек. Түркі тектес халықтардың ортақ тарихын Исламнан бұрынғы Ежелгі дәуір және Исламнан кейінгі Ортағасырлық дәуірге бөліп қарастыруға тура келеді. Жазба деректер бойынша Түркі халықтарының ортақ тарихы мен мәдениеті ежелгі дәуір-б.з.д. VI-V ғасырлардан бастап- б. З.VIII ғасырына дейінгі аралықта «Тұран» деп аталып келді.

Ал VIII-XV ғасырлар аралығында ортағасырлық дәуірде «Түркістан» деген атауға ие болды. Түркілер XIV-XV ғасырларда ұлт-ұлысқа бөлініп, бір-бірінен ажыра бастаса да «Түркістан» атауы Кеңес одағы құрылып, бүгінгі «Орталық Азия» атына ие болғанша аталып келді.

Тарихи шындық түркі халықтары жоғарыда аты аталған екі дәуірдің тарихына, мәдениет пен әдебиетіне, рухани құндылықтары мен өркениетіне ортақ.



Түркілер арқылы басқа халықтардың мәдениеті дамыды. Мәселен, Еуропа Қытай мәдениетімен түркілер арқылы танысты.

Түркілердің Ислам тарихына араласуы VIII ғасыр аясында басталады.

Ислам әлемінде VIII-XV ғасырлар аралығында дүниеге келген ғылыми жаңалықтары мен әдеби туындылары әлем мәдениеті мен өркениетінің даму барысына жаңаша қарқын мен бағыт берді. Соның ішінде түркінің ұлы ғалымдары мен акындарының туындылары Ислам өркениетіне мол үлес қосты. Қазіргі түріктестес Түркия, Қазақстан, Өзбекістан, Қырғызстан, Түрікменстан, Әзірбайжан және Кипр мемлекеттерімен бірге автономиялық Татарстан, Алтай, Саха тағы басқа түркілер ислам дамуына қосқан үлестері, олардың адамзат тарихына жасаған ортақ еңбектері саналады.



Түркістан өлкесінде туып- өскен ұлы даналардың Ислам өркениетіне қосқан үлестері үш топта көрініс тапты.

- Бірінші тобы- шығармаларын араб тілінде жазғандар**
- Олар: Мұхаммед ибн Мұса Харезми(770-850),**
- Әбунәсір Әл- Фараби (870-940),**
- Әбу Рейһан әл-Бируни(973-1048/50),**
- Әбу Әли ибн Сина(980-1037).**
- Екінші тобы- туындарын парсы тілінде жазып мұра қалдырғандар.**
- Олар: Низами Гәнжи(1141-1209),**
- Маулана Жәлаледдин Руми(1207-1273),**
- Мырза Хайдар Дулат(1499-1551),**

• Үшінші тобы- еңбектерін Түркі тілінде жазған түркі ақындары мен ғалымдары.

• Олар: Жүсіп Баласағұн «кұтты білік»,

• Махмұд Кашғари «диуан лұғат түрік»,

• Қожа Аһмет Йасауи(1041-1167) «хикмет»,

• Әлішер Науаи(1441-1501),

• Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр(1483-1530).

• Сондықтан ІІХ-ХV ғасырлар арасында Ислам өркениетінің ұлы жетістіктері араб, парсы және бүгінгі түріктес халықтарының ортақ рухани қазнасы болып саналады.

Түрік мәдени мұрасы: сәулет өнері

Ежелгі Орта ғасырларда Қазақстан аумағында құрылыстың қарқынды дамуы басталды, археологиялық ескерткіштер Кедер, Жамут, Құландағы, Көк-Мардандағы тұрғын үйлер, будда ғибадатханалары мен Суяба және Навакет монастырлары, Испиджаб монастырлары, исламның таралуымен мешіттер тұрғызыла бастады, кесенелер салынып жатыр.

Тараз қаласында моншалар үлкен танымалдыққа ие болды, олардың қалдықтары табылды. Дала түріктерінің мүсіні: монументалды тас мүсіні, тас жазықтығындағы контурлық кеспе сурет, сирек - көлемді мүсіндер, исламның таралуымен адам бейнесінің дәстүрі біртіндеп жоғалады

Ауызша халық шығармашылығы

Ежелгі дәуірде пайда болды, ортағасырлық және кейінірек өз дамуын жалғастырды. Мифтер, ертегілер, Ертегілер, әндер, мақал-мәтелдер, эпостар, поэтикалық жарыстар, жақсылық пен жамандық күресі.

Кең таралған мифтердің бірі - өлімге қарсы күреске түскен қорқыту-музыкант туралы аңыз. Жазба: мемлекеттің дамуымен жазу үлкен маңызға ие болады, түркілердің басқа мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынаста түрік тілінде ресми грамоталарды пайдалануы.





Түркі философия

Қазіргі уақытта қазақ философиясы үшін және жалпы қазақ қоғамының өзіндік санасы үшін қазақ халқының рухани өмірінің түркі көзі, түркі философиялық мұрасы туралы мәселе түбегейлі маңызға ие. Ең алдымен, бұл жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті іздестірумен, қазіргі уақытта өзінің жеткіліксіз зерделенуі мен толық білімін ашатын өз тарихы мен мәдениетіне объективті түрде шиеленіскен қызығушылықпен байланысты. Соңғысы қазақ халқының ғана емес, бүкіл қазақстандық социумның да Ұлы Даланың тарихы мен мәдениеті мәселелеріне деген қоғамдық қызығушылығын, сондай-ақ қазақ философиясының қайнар көзі мен рухани-мәдени тамырына философиялық рефлексия, түріктердің тарихы мен мәдениетінің мағыналы және құнды-танымдық бағажы болып табылады.

Дала түріктерінің мүсіні.

➤ Монументалды тас мүсін (сақтар мен сарматтардың дәстүрлері). Тас жазықтығындағы контурлық кескіш сурет. Сирек-көлемді мүсіндер мұрты мен сақалы бар ер адам жиі бейнеленген, әйел фигуралары да кездеседі. Исламның таралуымен адамның бейнесі біртіндеп жоғалады.



Халық өнері



Түрік қағанаты

552

Ж. – Орта ғасырдағы ірі империялардың бірі – түрік қағанатының негізі қалаңды. Қағанат билеушілері түркілердің ашина өулетінен шығып отырған.

VI ғасырдың соңы – түрік қағанаты нығайған кезеңде қытайдың солтүстік шығысын (маньчжурия), моңғолия, алтай, шығыс түркістан, батыс түркістан (орта азия), қазақстан мен солтүстік кавказды биледі.

603 - 704

жж. – түрік қағанаты шығыс және батыс қағанаттарға бөлінді

682 - 744

жж. – батыс түрік қағанаты

ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗУЫ
(ОРХОН-ЕНІСЕЙ ЖАЗБАЛАРЫ) АДАМЗАТ ӨРКЕНІЕТІНІҢ
ҚОСЫЛҒАН ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ




Түркілердің рухани мәдениеті

1. Жер асты әлемі.
2. Жер әлемі.
3. Аспан әлемі.




Түркілердің рухани мәдениеті



Түркілердің жол серігі



Тюркский каганат



Түркі қағанатының күшейген уақытында Солтүстік-Шығыс Қытай (Маньчжурия), Моңғолия, Алтай, Шығыс Түркістан, Батыс Түркістан, Орта Азия, Қазақстан және Солтүстік Кавказ территорияларына иелік еткен.

Діндері

Түріктердің наным-сенімдері және діні — жалпы алғанда, отырықшы және көшпелі халықтың діни нанымдарында алдындағы дәуірлерден алынғаны көп. Адамдардың Құдайлық күштермен «Қарым-Қатынасындағы» аралық міндеттер Қоғамдағы ерекше топтың — шамандардың Қолында болды, ал шамандар ертедегі түрік мәтіндерінде қам деп аталған. Шамандар, сәуегейлер, емшілер, «Құдайдың Қалауын» жариялаушылар болған. Ертедегі түріктер дінінің негізі Көкке (Тәңір) және Жер-Суға (Йер-Суб) сиыну болды". Құдірет деп есептелген бұл қос күштің негізгісі Көк болды. Қағандар нақ осы Көктің еркімен билік құрып, олар «Көк тектестер және Көкте туғандар» деп аталды.



Азиядағы көне түрік
ескерткіштеріне тән
ерекшелік - адамды
атымен жерлеген обалар
мен ғұрыптық
қоршаулар болып
табылады. Ескерткіштің
осындай түрлері
Сарыарқадан да
табылған.

Таңбалы тас

Таңбалы археологиялық петроглифтері UNESCO Әлемдік мұралар тізіміне 2004 жылы енген. Бұл кешен Жетісудың ең көне ескерткіштерінің бірі.



Қорытынды

Түркі жазбалары мен мәдениеті – тұрақты дамуға ұмтылған түрік этностарының бай мәдениетінің көрінісі. Түркі халықтарының өркениеті, мәдениеті мен жазбалары бүгінде әлем мәдениетінің ажырамас бір бөлшегі болып табылады. Осылайша, 2015 жылғы 15 мамырда түркі халықтарының жазбаларын мерекелеу қарсаңында Достық үйінің «Достық» онцерттік залында түркі халықтарының жазбалары күніне орай концерттік бағдарлама болып өтті. Көрермендердің назарына түркі жазбаларының пайда болуы туралы деректі фильм, түркі тілдес этномәдени бірлестіктерінің бірегей кітап көрмесі мен шығармашылық ұжымдардың концерттік бағдарламасы ұсынылды. Аталмыш іс-шараға этномәдени бірлестіктердің басшылары, жоғары оқу орындарының ғалымдары, мәдениет және білім беру саласының өкілдері қатысты. Қазақстанның басты байлығы елімізді Отаным деп таныған – этникалық үндестікті, азаматтық бірлік пен ынтымастықты қалыптастырған қоғам болып отыр. Қазақстандағы Түркі халықтары жазбалары күні түркі халқының дәстүрлі мерекесінің біріне айналды.